

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
"Облыстық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі - Кәсіпорын)
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын
түсіндіру бойынша жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

09.06.2026ж.

Төрағасы: Досанова Алтын Мейрамбаевна – Басшы

**Хатшылықта: Аманов Айтжан Салкенович – Кадр бөлімінің
инспекторы**

**Баяндаушы: Қарабатыров Шыңғыс Мәлікұлы – Заңгер, Комплаенс
қызметі**

Қатысқандар: Кәсіпорны бөлімдер мен бөлімшелердің жетекшілері

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы *(Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы)*;
2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі *(Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ)*.
3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі *(Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы)*

Төрағалық етуші А.М. Досанова жиналысты ашық деп жариялап, Кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың бірі – түсіндірме жұмыстары табылатының ескеріп, баяндаушыға сөз берді.

Қарабатыров Ш.М. Кәсіпорнының заңгері әрі Комплаенс офицері Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатымен таныстырып, мемлекеттік, бюджет және әлеуметтік салаларында сыбайлас жемқорлықты жою және болдырмауды қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының әр-бір азаматтын парызы деп ескірттіп және Кәсіпорнының қызметкерлеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлықтың көрінісі немесе деректері туралы Кәсіпорнының басшылығымен Комплаенс қызметіне тез-арада хабарласу керектігін айтты. Кәсіпорнының әр қызметкері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің нормаларын қатан сақтауға шақырды.

Әрі-қарай өз баяндамасында сыбайлас жемқорлықпен мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларда болдырмауға тырысуды және осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруды кәжет екенің туралы толыққанды мәлімет берді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің ережелерін атап-өтіп, Кәсіпорнының қызметкерлері мемлекеттік қызметшілерге жатпаса да, аталған кодекстің ережелерін қатаң сақтауға шақырды және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-319/2020 бұйрықпен Қазақстан Республикасының медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі бекіткенін айтып, осы кодексінің ережелерін атап-өтіп, оларды күнделікті жұмысында қатаң сақтауға шақырды.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, Кәсіпорының қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы А.М. Досанова жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы



А.М. Досанова

Хатшы

А.С. Аманов